

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 қыркүйектегі № 951 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат, № 21, 265-құжат; 2005 ж., № 29, 362-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат; 2009 ж., № 34, 321-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, оның ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де басшы лауазымды адамдардың тізбесінде:

м ы н а :
«Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару Әділет Әкімшілік
жүйесі комитетінің Астана және министрі Басшысы
Алматы қалалары, облыстар бойынша
басқармаларының бастықтары, «Сот
сараптамасы орталығы» мемлекеттік
мекемесінің директоры»

деген жолдағы «басқармаларының» деген сөз «қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;
жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік

саяси қызметшілерін және өзге де лауазымды тұлғаларын келісу, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

«Әкімшілікте келісілуге тиіс мемлекеттік саяси қызметшілердің және өзге де басшы қызметкерлердің лауазымдарын оның құрылымдық бөлімшелері арасында бөлу» деген

3 - б ө л і м д е :

19-тармақтың төртінші абзацында «, орталық аппараты» деген сөздер алып тасталсын, «басқармаларының» деген сөз «қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев